Мақсаты: Балаларды халық ауыз әдебиетіне баулу арқылы Қазақстанның мәдени мұрасын құрметтеуге және патриотизмге тәрбиелеу. Танымдық қызығушылықтарын, эстетикалық талғамдарын дамыту.

Міндеттері:

1. Дене қасиеттерін қалыптастыру, ептілік қозғалыстарын үйлестіру және салауатты өмір салтын ұстануға баулу;
2. Ұлттық дәстүрлерге негізделген құндылықтар арқылы шығармашылықпен сөйлеу дағдыларын, сөздік қорларын молайту;
3. Эстетикалық талғамдарын қалыптастыра отырып, қоршаған ортадағы әсемдікті қабылдауға, оны құрметтеуге үйрету;
4. «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы негізінде патриотизм мен толеранттылыққа тәрбиелеу.

Тақырыпша	**Денсаулық-3** Дене шынықтыру-3	**Қатынас-2,5** Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет-1 Орыс тілі-0,5	**Таным-2,5** Математика негіздері-1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану1	**Шығармашылық-3,5** Музыка-1,5 Сурет-1 Мүсіндеу-0,5 Жапсыру-0,5	**Әлеумет-0,5** Қоршаған орта-0,05
	Дене шынықтыру	**Сөйлеуді дамыту**	**Математика негіздері.**	**Музыка**	

І апта	**Негізгі қимылдар:** 1.Бір аяқпен секіру(4-5рет, оң және сол аяқпен). Қапшықты оң және сол қолымен көлдененінен нысанаға (2-2,5м.қаш-н) дәлдеп лақтыру. Бөрене үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру. **Қимылды ойын:** **«Тақия ойыны»** 2.Қысқа секіртемен секіру(демалу үзілістері бар 2-3реттен, 10рет секіру). Бөрене үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру. Табан мен алақанға сүйеніп, төрттағандап еңбектеу. **Қимылды ойын:** **«Бәйтерекке кім жылдам барады?»** 3. Бір аяқпен секіру(4-5рет, оң және сол аяқпен). Оң және сол қолымен көлд ененінен нысанаға (2-2,5м.қаш-н) дәлдеп лақтыру.Басқа қап киіп, заттарды аттап өту, бұрылу. **Қимылды ойын:**	**Тақырыбы:** **М. Хакімжановаңың «Отан» өлеңі** **Мақсаты:** Тілдің грамматикалық құрылымын қалыптастыруда ойындарды кеңінен қолдану. Отанды, туды құрметтеуге тәрбиелеу;тіл байлықтарын дамыту. **Дид-қ ойын: «Не? Қайда? Қашан?»** **Көркем әдебиет** **Тақырыбы: «Отан» өлеңі** **Е. Өтетілеуұлы** **Мақсаты:** өлеңді эмоционалды қабылдай отырып, мәнерлеп айтуға, тыңдап, түсіне білуге үйрету. Өз еліне, туған жеріне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	**Тақырыбы: «Үлкен және кіші»** **Мақсаты:** Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру.Ұзындығы және ені бойынша бірдей және екі түрлі затты салыстыру. Шаманы салыстыруда беттестіру және тұтастыру тәсілдерін қолдану. **Дид-қ ойын: «Хайуанаттар бағына саяхат»** **Құрастыру** **Тақырыбы:«Бәйтерек» монументі (**қағаздан құрастыру жұптық жұмыс) **Мақсаты:** бәйтерек ғимаратын қатты қағаздарды дұрыс қолдана отырып құрастыруды үйрету;туған жеріне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу;қағаз бөлшектерін бір-біріне желімдеу, бұрыштарымен жақтарын	**Тақырыбы**: «Ұлы дала ұланымын» **Мақсаты**: Елдің әдет-ғұрпы мен тарихын музыкамен байланыстыра рухани тәрбиелеу. Музыканың ырғағын дәл бере отырып, сермеу, серпілу қимылдарын орындау **Әуенді ырғақты қимыл**: «Батырлар биі» А.Еңсепов **Музыка тыңдау**: «Атамекен» Е.Хасанғалиев **Ән айту**: «Елімнің ертеңгі иесі-біз» А.Еспенбетова **Ойын ойнау:** «Тақия тастамақ» Ұлттық ойын **Музыка** **Тақырыбы**: «Ұлы дала ұланымын» **Мақсаты**: Елдің әдет-ғұрпы мен тарихын музыкамен байланыстыра рухани тәрбиелеу. Музыканың ырғағын дәл бере отырып, сермеу, серпілу қимылдарын орындау **Әуенді ырғақты қимыл**: «Батырлар биі» А.Еңсепов **Музыка тыңдау**: «Атамекен» Е.Хасанғалиев	

	«Киіз үйді жина»	**Дид-қ ойын: «Менің қалам»**	бүктеу, беттестіру іскерліктерін дамыту. **Дид-қ ойын:«Айырмашылығын тап»** **Жаратылыстану** **Тақырыбы:«Қай жерде өседі?»** **Мақсаты:** Табиғаттың жанды нысандары және ерекшеліктері туралы түсініктерін жүйелеу. Балабақша аумағындағы және жақын, алыс мекендердегі өсімдіктерді (ағаштар мен бұталар) ажырату және атай білу дағдыларын дамыту. **Дид-қ ойын:«Қай ағаштың жапырағы?»**	**Ән айту**: «Елімнің ертеңгі иесі-біз» А.Еспенбетова **Ойын ойнау:** «Тақия тастамақ» Ұлттық ойын **Сурет** **Тақырыбы:«Киіз үйдің керегелері»** **Мақсаты:** Әртүрлі бағыттағы тура сызықтар мен олардың қиылысуын жүргізе білуді үйрету.Киіз үйдің керегелері туралы түсініктерін кеңейту, жуан,жіңішке таяқшаларды рет-ретімен салуды, қарындашты қолдануды үйретуді жалғастыру. **Үстел-үсті ойыны: «Киіз үйді құрастыр»** **Мүсіндеу** **Тақырыбы:«Байтерек монументі»** **Мақсаты:** Үлгі бойынша пішінін, пропорциясын ескере отырып, Байтеректің мүсінін жасауға үйрету. Кескішпен түрлі безендірулер жасауға дағдыландыру. **Үстел-үсті ойыны: «Бәйтерек қандай?»** **(Воскобовичтің ойындары)**	

II апта	**Дене шынықтыру** **Негізгі қимылдар:** 1. Қысқа секіртпемен секіру(демалу үзілістері бар 2-3реттен, 10рет секіру). 50см.жоғары көтерілген арқанның астынан оң және сол бүйірімен алға еңбектеп кіру. Бөрене үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру. **Қимылды ойын:** **«Өз үйіңді тап»** 2.Еденнен 20-25см көтерілген баспалдақ тақтайдан аттап өту. 20-25см.биіктікке секіру. Құрсаудан еңбектеп өту. **Қимылды ойын:**	**Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:** **«Біз тұратын қала»** (сурет бойынша әңгіме құрау) **Мақсаты:** Сөз және сөз ұйқастарынан құрылған ойындарға қызығушылығын арттыру. Мнемотехника әдісі арқылы қаланың көрікті орындарын ретімен сипаттап, әңгіме құрастыра білуге үйрету. **Дид-қ ойын: «Менің мекенжайым»** **Көркем әдебиет** **Тақырыбы: «Атам мен әжемнің ауылына саяхат»**	**Математика негіздері.** **Тақырыбы:«Астананың кереметтері»** **Мақсаты:** Геометриялық пішіндерді және геометриялық денелерді ажыратады және атайды. **Дид-қ ойын: «Неге ұқсайды?»** **Құрастыру** **Тақырыбы:«Достық үйі»** **(** Құрылыс материалдарынан) **Мақсаты:** Конструктордан ойынға арналған ғимарат құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Бөлшектерді бекіту тәсілдері мен ғимарат	**Музыка** **Тақырыбы**:«Туған өлкем» **Мақсаты**: Туған қаласына сезімін ән арқылы жеткізу. Хормен сөздер мен дыбыс-тарды таза және анық айтуға дағдыландыру. **Әуенді ырғақты қимыл**: «Сыр сұлуы» Ш.Қалдаяқов **Музыка тыңдау**: «Сыр елім» (Т.Төрәлінің репертуарынан) **Ән айту**: «Қызылорда» А.Еспенбетова **Ойын ойнау:** «Алақанмен ән айтамыз» Музыкалық дидактикалық ойын **Сурет Тақырыбы:** «Мерекелік отшашу» **Мақсаты:**	

	«Тақия тастамақ» 3. Қолдың түрлі қалпымен үрленген доптан (бір-бірінен қашық қойылған 5-6доп арқылы кезекпен) аттап өту.50см.жоғары көтерілген арқанның астынан оң және сол бүйірімен алға еңбектеп кіру. Гимнастикалық қабырғамен аралықтан аралыққа, оңға-солға ауысу. **Қимылды ойын:** **«Қармен ойын»**	**Мақсаты:**Ата мен әженің әңгімесін тыңдау мен адамдардың сезімі мен қарым –қатынасын көріп, қайталап көрсетуді қалыптастыру. Таныс ертегі кейіпкерлердің рөлдерін адамгершілік нормалары мен түсініктері тұрғысынан бағалау **Дид-қ ойын: «Кім есінде көп сақтайды?»** . **Орыс тілі** **Тема: «Наша Родина-Казахстан. Мой родной город».** **Цель:** Формировать у детей первоначальные представления о родном городе и Родине –Республике Казахстан. Учить называть на русском языке символы Казахстана, узнавать и называть достопримечательности родного города и столицы; Развивать слуховое и зрительное внимания, словесно-логическое мышление, тонкую ручную моторику; Воспитывать уважение к госсимволам, любовь к родному городу, основы казахстанского патриотизма. **Дид-я игра:«Нарисуй свой край»**	жасау туралы білімдерін жетілдіру. **Үстел-үсті ойыны:«Біздің өлкедегі үйлер»** **Жаратылыстану** **Тақырыбы:** «Құсхананы мекендеушілер» **Мақсаты:** Балалардың үй құстары туралы түсініктерін анықтау және кеңейту. Жанды нысанды сипатта білу дағдысын, зейіні мен есте сақтау қабілетін дамыту. Табиғатқа қамқор, мейірімді көзқарасын тәрбиелеу. **Дид-қ ойын:«Туған өлке құстары»**	Балаларға өздері тұратын қаласындағы мерекеліктер мен салтанатты шерулердің мәнін түсіндіру, мерекелер туралы білімдерін одан әрі жетілдіру, шығармашылық қиялдарын, көркемдік талғамдарын дамыту, ұқыптылық пен жинақылыққа тәрбиелеу. **Дидактикалық ойын**: «Ұлттық мерекелерді ата» **Жапсыру** **Тақырыбы:«Сыр ана» монументі** **Мақсаты:** Қайшына дұрыс ұстау және пайдалана білуді қалыптастыру. Шаршыны беттестіру тәсілімен үшбұрышты қиюды үйрету. Ересектердің көмегімен бөліктерді желімдеуге үйрету. Желімді, сүлгіні қолдануды үйретуді жалғастыру **Дид-қ ойын:«Туған өлке жәдігерлері»**	
III апта	**Дене шынықтыру** **Негізгі қимылдар:** 1. Еденнен 20-25см көтерілген баспалдақ тақтайдан аттап	**Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:** **«Астана- арман қала»**	**Математика негіздері.** **Тақырыбы:«Астанам-бас қалам»**	**Музыка** **Тақырыбы**: «Астана-Отанымыздың жүрегі» **Мақсаты**: Астана қаласы, Бәйтерек туралы түсініктерін дамыту,	**Қоршаған ортамен танысу** **Тақырыбы: «Астана-бас қалам»**

	өту.Гимнастикалық қабырғамен аралықтан аралыққа, оңға-солға ауысу. 20-25см.биіктікке секіру. **Қимылды ойын:** **«Мен Астанаға барамын»** 2. Қолдың түрлі қалпымен үрленген доптан (бір-бірінен қашық қойылған 5-6доп арқылы кезекпен) аттап өту.Құрсаудан еңбектеп өту. Ойлы-қырлы тақтаймен тепе-теңдікті сақтап жүру. **Қимылды ойын:** **«»Мегаға» кім бірінші жетеді? »** 3. Еденнен 20-25см көтерілген баспалдақ тақтайдан аттап өту.Оң және сол қолымен көлденеңінен нысанаға (2-2,5м.қаш-н) дәлдеп лақтыру. 20-25см.биіктікке секіру Бөрене үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру. **Қимылды ойын:«Бәйтерекке тез жет»**	(сурет бойынша әңгімелеу) **Мақсаты:** Сөйлемдердің түрлерін (жай және күрделі) сын есімдерді, етістіктерді, үстеулерді, қосымшаларды қолдана білуге үйрету. **Дид-қ ойын: «Сүйікті қалаға саяхат»** **Көркем әдебиет** **Тақырыбы: «Менің сүйікті қалам, Ел ордасы - Астанам»** **Мақсаты:** Балалардың қала, ауыл және Астана туралы түсініктерін сурет бойынша тиянақтап, ой-өрісін дамыту. Елін, жерін, туған қаласын сүюге тәрбиелеу. **Дид-қ ойын: «Бұл қай қала?»** **Орыс тілі** **ТЕМА: «АСТАНА-МОЯ СТОЛИЦА»** **Цель:**познакомить с легендой о Байтереке; учить слушать и понимать содержание легенд; познакомить с достопримечательностями города Астаны; воспитывать чувство любви и уважения к столице; воспитывать интерес к истории своей страны; развивать речь, мышление. **Дид-я игра: «Желаю тебе, родная земля!»**	**Мақсаты:** Кеңістікте бағдарлау:өзінің дене бөліктерінің орналасуына қарай бағдарлай білуге үйрету.Өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтай білу, заттарды оң қолымен солдан оңға қарай орналастыру, өзінің дене бөліктерін бағдарлау және атау (бас,аяқтар,қолдар) **Дид-қ ойын: «Астананың көрікті жерлері»** **Жаратылыстану** **Тақырыбы: «Астанадағы хайуанаттар бағы»** **Мақсаты:** Үй жануарлары және жабайы аңдар, олардың сыртқы келбеті, қозғалу және қоректену тәсілдері туралы білімдерін кеңейту. **Дид-қ ойын:«Астананың көрікті жерлері»**	мақтаныш және құрмет сезімдерін тәрбиелеу. Әнді қуанышты, екпіндете, жігермен орындауға төселдіру. **Әуенді ырғақты қимыл**: «Сыр сұлуы» Ш.Қалдаяқов **Музыка тыңдау**: «Астана» Б.Әлімжан **Ән айту**: «Қызылорда» А.Еспенбетова **Ойын ойнау:** «Қатып қал» Қимылды ойын **Музыка** **Тақырыбы**: «Астана-Отанымыздың жүрегі» **Мақсаты**: Астана қаласы, Бәйтерек туралы түсінік-терін дамыту, мақтаныш және құрмет сезімдерін тәрбиелеу. Әнді қуанышты, екпіндете, жігермен орындауға төселдіру. **Әуенді ырғақты қимыл**: «Шырша жыры» Л.Хамиди **Музыка тыңдау**: «Астана» Б.Әлімжан	**Мақсаты:** Қазақстан Республикасының бас қаласы-Астана туралы білімдерін суреттерді, альбомдарды қолданып, қарастыру арқылы қалыптастыру. Балаларды мемлекеттік мерекелерге қатысуға баулу. Мемлекеттік рәміздер туралы (Ту, Еотаңба, Әнұран) білімдерін қалыптастыру. Өз елінің рәміздеріне құрметпен қарауға тәрбиелеу. **«Астананың көрікті жерлері»** **Лэпбук жасау**

				Ән айту: «Жаңа жыл» А.Еспенбетова **Ойын ойнау:** «Қатып қал» Қимылды ойын **Сурет** **Тақырыбы:** «**Пирамида»** **Мақсаты:** Үлгі бойынша пішінін, пропорциясын ескере отырып, пирамиданың суретін салуға үйрету. Бояу түсін таңдап, сурет салуға қызығушылығын арттыру **Үстел-үсті ойыны:** **«Әдемі пирамида»** **(Воскобович ойындары)** **Мүсіндеу** **Тақырыбы:«Пирамида»** **Мақсаты:** Үлгі бойынша пішінін, пропорциясын ескере отырып, Пирамиданың мүсінін жасауға үйрету. Кескішпен түрлі безендірулер жасауға дағдыландыру **Үстел-үсті ойыны:** **«Әдемі пирамида»** **(Воскобович ойындары)**	

IVапта	**Дене шынықтыру** **Негізгі қимылдар:** 1. Гимнастикалық қабырға бойынша оңға-солға ауысып өрмелеу. 4-5 сызық арқылы орнынан ұзындыққа секіру.(сызықтардың ара қаш-ғы 40-50см). Бөрене үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру. **Қимылды ойын:** **«Тұғырлы жалау»** 2. Қолдың түрлі қалпымен үрленген доптан (бір-бірінен қашық қойылған 5-6доп арқылы кезекпен) аттап өту.Қапшықты оң және сол қолымен көлденеңінен нысанаға (2-2,5м.қаш-н) дәлдеп лақтыру. 4-5 сызық арқылы орнынан ұзындыққа секіру.(сызықтардың ара қаш-ғы 40-50см). **Қимылды ойын:«Теңге алу»** 3. Қолдың түрлі қалпымен үрленген доптан (бір-бірінен қашық қойылған 5-6доп арқылы кезекпен) аттап өту. Оң және сол қолымен	**Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:** **«Тәуелсіз елдің көшбасшысы»** **Мақсаты:** Сурет бойынша әңгіменің басы мен соңын құрастыруға үйрету. Балаларға «тәуелсіз», «егемен» сөздерінің мағынасын кеңінен түсіндіре отырып,есте сақтау қабілеттерін дамыту. **Дид-қ ойын: «Менің мекенжайым» (Воскобовичтің дамытушы ойындары)** **Көркем әдебиет** **Тақырыбы: «Тәуелсіз Қазақстан»** **Сахналық қойылым** **Мақсаты:** Сезім ырғағы мен қозғалыс үйлесімін серіктесімен сәйкестендіре отырып сақтауға, сахнаны, алаңды бағдарлай білуге үйрету. Ерсектер мен құрдастарымен өзара әрекет ете алу дағдыларын қалыптастыру. **Орыс тілі** **Тема: «Государственные символы Республики Казахстан»**	**Математика негіздері** **Тақырыбы:«Қазақстанның байлықтары»** **Мақсаты:** Әртүрлі сезім мүшелерінің көмегімен санау дағдысын дамыту (көру, есту, иіс сезу). Тура және кері бағытта 5 көлемінде санатып жаттықтыру. **Дид-қ ойын: «Бұл қай жерде...?»** **Жаратылыстану** **Тақырыбы:«Қазақстандағы жануарлар»** **Мақсаты:** Үй жануарлары және олардың төлдерін атайды. Сыртқы келбеті, қозғалу және қоректену тәсілдері туралы білімдерін кеңейту. **Дид-қ ойын:«Төлдерін ата»**	**Музыка** **Тақырыбы**: «Тәуелсіз Қазақстан» **Мақсаты**: Тәуелсіз елін, жерін мақтан тұтуға, патриот-тық сезімге тәрбиелеу. Қол ұстасып, шеңбермен жүре білу дағдыларын дамыту. **Әуенді ырғақты қимыл**: «Шырша жыры» Л.Хамиди **Музыка тыңдау**: «Жаса мәңгі Қазақстан» Б.Бейсенова **Ән айту**: «Жаңа жыл» А.Еспенбетова **Ойын ойнау:** «Аяз атаның сиқырлы таяғы» Қимылды ойын **Сурет** **Тақырыбы:«Байтерек монументі»** **Мақсаты:** Үлгі бойынша пішінін, пропорциясын ескере отырып, Байтеректің суретін салуға үйрету. Бояу түсін таңдап, сурет салуға қызығушылығын арттыру. **Үстел-үсті ойыны: «Қазақстанның көрікті жерлерін ата »**	**Қоршаған ортамен таныстыру.** **Тақырыбы:** «Қысқы ағаштар» **Мақсаты:**балаба қша ауласындағы кейбір ағаштардың, бұталардың түрлері жайлы білімдерін қалыптастыру. Ағаштардың бөліктерін тауып, атай білу дағдыларын бекіту. **Дид-қ ойын: «Президент саябағы»**

	көлденеңінен 2-2,5м қашықтықта дәлдеп лақтыру). 20-25см.биіктікке секіру. **Қимылды ойын:** **«Кім жылдам** **Эстафеталық жарыс:** **«Бақытты жануялар»**	**Цель:**учить связно рассказывать о государственных символах РК: флаге, гербе, развивать связную речь. воспитывать чувство гордости за свою Родину. **Дид-я игра: «Что мы видим?»**		**(Воскобовичтің дамытушы ойындары)** **Аппликация** **Тақырыбы:«Байтерек монументі»** **Мақсаты:** Текшеден дөңгелек пішін қиюға үйрету. Ересектердің көмегімен бөліктерді желімдеуге үйрету. **Дидиактикалық ойын: «Қазақстанның көрікті жерлерін ата »**	

2021 жыл, Қаңтар айы

Өтпелі тақырып «Қыс қызығы»

Мақсаты:Балалардың қимыл әрекетін ұйымдастыра отырып, ересектермен, балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту. Табиғатта өзін ұстай білу Ережелері мен тірі және өлі табиғат объектілеріне деген ұқыпты қарым-қатынасын дамыту. Эстетикалық талғамдарын жетілдіру.

Міндеттері:

1. Дене жаттығулары мен сауықтыру шараларына деген қызығушылықтарын күшейту, қимылдық дағдыларын жетілдіру;
2. Шағын әңгімелер құрастыру, ойында әдеби бейнелерді қолдану білім, біліктерін дамыту;
3. Қарапайым зерттеуге қызығушылықтарын туғызу, сенсорлық қабілеттерін жетілдіру, бекіту;
4. Балалардың дербес тәжірибелік әрекеттерімен байланысты эстетикалық қабылдауларын дамыту;
5. Жеке тұлғаны дамыту, әлеуметтік дағдыларын жетілдіру.

	Денсаулық-3 Дене шынықтыру-3	**Қатынас-2,5** Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет-1 Орыс тілі-0,5	**Таным-2,5** Математика негіздері-1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану1	**Шығармашылық-3,5** Музыка-1,5 Сурет-1 Мүсіндеу-0,5 Жапсыру-0,5	**Әлеумет-0,5** Қоршаған орта-0,5
І апта	**Дене шынықтыру** **Негізгі қимылдар:** 1.Сапта бір бірден,екеуден аяқтың ұшымен, табанмен, өкшемен жүру. Тізені жоғары көтеріп	**Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы: «Бөлме гүлдері»** **Мақсаты:** Тілдік ойындар мен жаттығуларды қолдана отырып, балалардың сөздік қорларын дамыту және байыту.	**Математика негіздері** **Тақырыбы:** **«Бөлме гүлдері»** **Мақсаты:** 5-ке дейін тура және кері санауды жетілдіру.	**Сурет салу** **Тақырыбы: «Шырша»** **Мақсаты:** Заттардың үлгі бойынша өзіне тән ерекшеліктерін, пішінін пропорциясын сақтай	

	жүгіру. Бөрене үстімен еңбектеп өту. **Қимылды ойын: «Гүлге қарай жүгіреміз»** 2. Жүруді жүгірумен, секірумен кезектестіріп бағытты, қарқынды өзгертіп жүру. Тізені жоғары көтеріп жүгіру. Бір орында тұрып екі аяқпен секіру. Алға ұмтыла секіру.Бір орында тұрып оңға солға бұрылып секіру. **Қимылды ойын: «Жұбыңды тап»** **3.**Табанның ішкі жағымен тізені жоғары көтеріп, ұсақ және алшақ адымдап жүру. Аяқты бірге, алшақ қойып,біреуін алға екіншісін артқа қойып бір орында тұрып секіру. Доптарды домалату. **Қимылды ойын: «Ұшты-ұшты»**	**Дид-қ ойын: «Жеті қазына»** **Көркем әдебиет** **Тақырыбы:«Шырша» өлеңіЕ.Өтетілеуұлы** **Мақсаты:** Балаларды жатқа эмоционалды, мәнерлі айта білуге, сөздерді анық айтуын қалыптастыру. **Дид-қ ойын: «Шырша ойыншықтары»**	**Дид.ойын: «Шырша жаңғақтарын сана»** **Жаратылыстану** **Тақырыбы:** **«Бөлме өсімдіктері»** **Мақсаты:** Бөлме өсімдіктерін атай білу дағдыларын бекіту. Гүлдің бөліктерін атай білу дағдыларын қалыптастыру. **Дид.ойын: «Гүл егеміз»** **Құрастыру** **Тақырыбы: «Шырша»** **Мақсаты:** Фетрдан шыршаны құрастыру дағдыларын қалыптастыру.Бөліктерді біріктіру үшін желімдерді пайдалану. **Үстел-үсті ойыны: «Шыршаны орналастыр»** .	отырып сурет салуға үйретуді жетілдіру. **Үстел-үсті ойыны: «Шыршаны безендірейік»** **Мүсіндеу** **Тақырыбы: «Шырша жаңғақтары»** **Мақсаты:** Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу,оларды орналастыру,пропор- цияны сақтай отырып, бөліктерді біріктіру. **Үстел-үсті ойыны: «Жаңғақтарды жина»** **Музыка** **Тақырыбы**: «Шырша өседі орманда» **Мақсаты**: Әуенді ойын қимылдарымен көңілді және емін-еркін көрсету. Музыкалық фразаларға сәйкес қимылдарды өзгерту. **Әуенді ырғақты қимыл**: «Сайқымазақтар биі»	

				Музыка тыңдау: «В лесу родилась елочка» М.Красева **Ән айту**: «Шырша жыры» Б.Бейсенова **Ойын ойнау:** «Шаңғышылар» Қимылды ойын **Музыка** **Тақырыбы**: «Шырша өседі орманда» **Мақсаты**: Әуенді ойын қимылдарымен көңілді және емін-еркін көрсету. Музыкалық фразаларға сәйкес қимылдарды өзгерту. **Әуенді ырғақты қимыл**: «Сайқымазақтар биі» **Музыка тыңдау**: «В лесу родилась елочка» М.Красева **Ән айту**: «Шырша жыры» Б.Бейсенова **Ойын ойнау:** «Шаңғышылар» Қимылды ойын	

II апта	**Дене шынықтыру** **Негізгі қимылдар:** 1.Қозғалысын бағытын өзгертіп жүру, жыланша иреленделеп жүру, бытырап, қосымша қадаммен алға, шет жағына жүру.Қалыпты, аяқтың ұшымен, жүгіру, шеңбер жасап жүгіру. Құрсауларды домалату. **Қимылды ойын: «Лақтырып қағып алу»** **2.**Жүруді басқа қимылдармен кезектестіріп, белгі бойынша тоқтап жүру.Сапта бір бірден және жұппен,түрлі бағытта отырып жүгіру. Затты жанау арқылы орнынан жоғары секіру.(биіктігі 5-10см). **Қимылды ойын: «Кегельдерді құлату»** **3.**Жетекшінің ауысуымен қарқынды жылдамдатып және ақырын жүгіру.Сызықтар арасымен(10см қаш-та) тепе-теңдікті сақтап жүру. Допты бір-біріне төменнен лақтыру.	**Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:** **«Үй жануарлары мен төлдері»** **Мақсаты:**Тілдік ойындар мен жаттығуларды қолдана отырып, балалардың сөздік қорларын дамыту және байыту. **Дид-қ ойын: «Не қалай дыбыстайды?»** **Көркем әдебиет** **Тақырыбы:** **«Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісі** **Мақсаты:** Таныс сюжеттер бойынша ертегілерді драмалау. Ертегі желісін ретімен орындау. **Дид-қ ойын: «Жануарлардың дауысын сал»** **Орыс тілі.** **Тема: «Домашние животные»** **Цель:** Обучение правильному произношению гласных и согласных звуков русского языка.Воспитывать наблюдательность, любазнательность,	**Математика негіздері** **Тақырыбы:«Үй жануарлары»** **Мақсаты:**Жиынтық сапасы бойынша әртүрлі заттардан тұратындығы туралы түсініктерін жетілдіру. **Дид.ойын: «Төлдерін ата»** **Жаратылыстану** **Тақырыбы:** **«Үй жануарлары қандай?»** **Мақсаты:** Үй жануарларының сыртқы келбеті, қозғалу және қоректену тәсілдері туралы түсініктерін кеңейтіп, білімдерін бекіту. **Дид.ойын: «Ненің дауысы?»** **Құрастыру** **Тақырыбы: «Жануарларға қора жасаймыз»** **Мақсаты:**Құрастыру кезінде сәйкес белгілері бойынша біріктіре білу және онымен ойнай отырып шығармашылық	**Сурет салу** **Тақырыбы:«Қоян»** **Мақсаты:** Жануарларды олардың ерекшеліктерін ескере отырып салуға үйретуді дамыту. **Дид.ойын: «Өз мекенін тап»** **Жапсыру** **Тақырыбы: «Қонжық»** **Мақсаты:** Жапсыру мазмұнын күрделі ете және әртүрлі бейнелерді жасау үшін мүмкіндіктерін кеңейте отырып, оған қызығушылықты тәрбиелеу. **Дид.ойын: «Анасын тап»** **Музыка** **Тақырыбы**: «Зообаққа саяхат» **Мақсаты**: Музыка ырға-ғына сәйкес жануар-ларға тән қимыл-қозғалысты бере білуге талпындыру. Әнді бір мезгілде бастау және аяқтауда мұқият болу. **Әуенді ырғақты қимыл**:	

	Қимылды ойын:«Нысанаға дәл тигіз»	трудолюбие и бережное отношение к домашним животным. **Дид-я игра:«Кто как голос подает?»**	қиялдау дағдыларын қалыптастыру. **Дид.ойын: «Мекенін тап»**	«Қоңыр аю қорбаңбай» А.Еспенбетова **Музыка тыңдау**: «Түлкінің әні» Ш.Құлманова **Ән айту**:«Ақ қоян» А.Айтуова **Ойын ойнау:** «Не қалай жүреді» П.Левкодимова	
III апта	**Дене шынықтыру** **Негізгі қимылдар:** 1.Түрлі бағытта жүгіру. Гимнастикалық қабырға бойынша жоғары-төмен кезектескен қадаммен өрмелеу. Басынан асыра лақтыру және оны қағып алу. **Қимылды ойын: «Ұстап ал»** **2.** Допты қағып алып жүгіру. Биіктігі 5-10см 2-3 заттың үстінен кезектесе секіру.Сызықпен	**Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:«Жыл құстары»** **Мақсаты:** Жеке тәжірибесінен суреттің мазмұны бойынша шағын әңгімелер құрастыру дағдыларын бекіту. **Дид.ойын: «Құстардың атын ата»** **Көркем әдебиет** **Тақырыбы: «Қарлығаш» ертегісі**	**ҚМҰҚ** **Тақырыбы:** **«Құстарға қамқорлық»** **Мақсаты:** Осы заттардың сыңарларын қою негізінде салыстырып, теңдігін немесе теңсіздігін анықтау іскерлігіне жаттықтыруды жалғастыру. **Дид.ойын: «Жапалақ»** **Жаратылыстану** **Тақырыбы:**	**Сурет салу** **Тақырыбы: «Тотықұс»** **Мақсаты:** Құстың үлгі бойынша пішінін, түсін ескере отырып бейнелеу. **Үстел-үсті ойыны: «Тотықұстың әдемі үйі»** **Мүсіндеу** **Тақырыбы: «Тотықұс»** **Мақсаты:** Құстардың мүсінін жасаудың әртүрлі тәсілдерін пайдалану дағдыларын қалыптастыру.	**Қоршаған ортамен таныстыру** **Тақырыбы: «Құстың ұясы»** **Мақсаты:** ересектердің еңбегі туралы білімдерін жетілдіру **Дидактикалық ойын**: «Үй және дала құстары»

	(диаметрі1,5см) тепе-теңдікті сақтап жүру. **Қимылды ойын: «Орамал тастамақ»** **3.** Жай қарқында үздіксіз жүгіру (50-60метр жүгіру). Затты жанау арқылы орнынан жоғары секіру.Көлденең және көлбеу орындықта төрттағандап еңбектеу. **Қимылды ойын: «Алысқа лақтыр»**	**Мақсаты:** Таныс сюжеттер бойынша ертегілерді драмалау. Ертегі желісін ретімен орындау. **Дид.ойын: «Құстарша ән сал»**	**«Үй құстары»** **Мақсаты:** Үй құстарын атап, дала құстары мен үй құстарының ерекшеліктерін аңғарту. Олардың адамға тигізер пайдасы туралы айту. Құстарды күтуге, баптауға тәрбиелеу. Ойлау, тыңдау қабілеттерін жетілдіру. **Дид.ойын:«Әр құсқа өз орны»**	**Дид.ойын: «Құсты және ұясын құрастыру»** **(Воскобович ойындары)** **Музыка** **Тақырыбы**: **«Қанатты достар»** **Мақсаты**: Қыстап қалған құстарға қамқор болуға тәрбиелеу. Балаларды өздігінен баяу-көтеріңкі, жоғары-төмен дыбыстарды ажыратуға үйретуді жалғастыру.**Әуенді ырғақты қимыл**: «Пингвин» Ж.Молдажанова «Зерек ботақан» жинағынан **Музыка тыңдау**: «Қараторғай» Ақан сері **Ән айту**: «Ақ қоян» А.Айтуова **Ойын ойнау:** «Қасқыр мен қаздар» **Музыка** **Тақырыбы**: «Қанатты достар» **Мақсаты**: Қыстап қалған құстарға қамқор болуға	

				тәрбиелеу. Балаларды өздігінен баяу-көтеріңкі, жоғары-төмен дыбыстарды ажыратуға үйретуді жалғастыру. **Әуенді ырғақты қимыл**: «Пингвин» Ж.Молдажанова «Зерек ботақан» жинағынан **Музыка тыңдау**: «Қараторғай» Ақан сері **Ән айту**: «Зырлайды шанамыз» Д.Мацуцин **Ойын ойнау:** «Қасқыр мен қаздар»	

IVапта	**Дене шынықтыру** **Негізгі қимылдар:** 1.Ұсақ және алшақ адыммен сапта бір-бірден және жұппен түрлі бағытта бытырап жүгіру. 20-25 см биіктіктен секіру. Гимнастикалық орындықта қолдарымен тартылу арқылы ішімен еңбектеу.	**Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы: «Қар жамылған ағаштар»** **(сурет бойынша әңгімелеу)** **Мақсаты:** Тілде сөйлемдердің әртүрлі түрлерін, қосымшаларды қолдану дағдыларын қалыптастыру. **Дид-қ ойын: «Қайсысы артық?»**	**Математика негіздері** **Тақырыбы: «Шырша ойыншықтары»** **Мақсаты:** Теңдікті кем топқа үстемелей отырып немесе артық топтан бір затты алып тастай отырып, екі тәсілмен орнатуға, «Қанша еді?», «Қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруді	**Сурет салу** **Тақырыбы: «Аққала»** **Мақсаты:**Заттардың пішінін бейнелеу дағдыларын қалыптастыру. **Дид.ойын: «Үлпа қарлар»**	**Қоршаған ортамен таныстыру** **Тақырыбы: «Қыс мезгілі»** **Мақсаты**: қыс мезгілінде табиғатты бақылау дағдыларын дамыту

	Қимылды ойын: «Қар кесектері» **2. .** Қатарға бір-бірден сапқа, шеңберге тұру. Бір орында тұрып ұзындыққа 4-6 сызықтың үстіне секіру.(сызықтардың ара қаш-ғы 40-50см). Арқанмен (диаметрі 1,5см) тепе-теңдікті сақтап жүру. **Қимылды ойын: «Кім жылдам»** 3.5метрден 3 рет жүгіру. Сапқа тұру және сап құрылымын өзгертіп қайта тұру.Допты екі қолымен басынан асыра лақтыру. **Қимылды ойын: «Жерде қалма»**	**Көркем әдебиет** **Тақырыбы:** **Тақырыбы: «Аяз ата сиқыры» ертегісі** **Мақсаты:** Театрландырылған әрекеттің басқа жұмыс түрі: саусақ театры арқылы сахналау. **Дид-қ ойын: «Аяз ата мен Ақшақар»** **Орыс тілі** **Тема: «Зима»** **Цель:**.Составление словосочетаний, предложений из 2-3 слов. Учить называть новые слова и фразы по теме «Зима». Внимательно слушать текст рассказа и отвечать на вопросы по его содержанию, упражнять в подборе прилагательных к слову «Зима». **Дид-я игра: «Зимой»**	қалыптастыру. Топтарды салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс талдап қорыта білуді дамыту**.** **Дид-қ ойын: «Аяз атаға көмек»** . **Жаратылыстану** **Тақырыбы: «Біздің өлкеге қыс келді»** **Мақсаты:**Табиғат құбылыстары туралы түсініктерін қалыптастыру. Қыс мезгіліндегі табиғатты бақылау дағдыларын дамыту. **Дид-қ ойын: «Қыс ерекшелігі»**	**Жапсыру** **Тақырыбы: «Қысқы көрініс»** **Мақсаты:** Қағаз бетінде бейнелерді құрастыру, одан кейін оларды желімдеу дағдыларын қалыптастыру. **Дид.ойын: «Аққала»** **Музыка** **Тақырыбы**: «Қыс қызығы» **Мақсаты**: Таныс шығармаларды ажырата білуге, есте сақтауға дағдыландыру. Әнді сезіммен, нақышына келтіріп айтуға, әуенді тыңдап әңгімелей білуге үйрету. **Әуенді ырғақты қимыл**: «Буги-вуги» биі **Музыка тыңдау**: «Қыс қызығы» И.Нүсіпбаев **Ән айту**: «Зырлайды шанамыз» Д.Мацуцин **Ойын ойнау:**	**Дидактикалық ойын** : «Мұздатамын»

				«Әуенді сағат» Дидактикалық ойын	

2021 жыл, Ақпан айы

Өтпелі тақырып «Бізді қоршаған әлем»

Мақсаты: Инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану негізінде экологиялық білімдерін жетілдіру. Шығармашылық ойлау мәдениетін дамыту. Балалардың өзіндік шығармашылық қызметтерін іске асыру. Жалпыадамзаттық құндылықтарға баулу.

Міндеттері:

1. Өз денсаулығына саналы қарауға үйрету, денсаулықтың адамға табиғаттың берген басты құндылығы екенін түсіндіру;
2. Белсенді сөздіктерін дамыту, тілдің грамматикалық жағын қалыптастыру, балалар әдебиетіне деген қызығушылықты дамыту;
3. Тірі және өлі табиғат объектілеріне деген ұқыпты қарым-қатынасқа тәрбиелеу, танымдық, логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіру;
4. Шығармашылық ойлау, әсерлі қиялдау дағдыларын қалыптастыру.

Тақырыпша	**Денсаулық-3** Дене шынықтыру-3	**Қатынас-2,5** Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет-1 Орыс тілі-0,5	**Таным-2,5** Математика негіздері-1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану1	**Шығармашылық-3,5** Музыка-1,5 Сурет-1 Мүсіндеу-0,5 Жапсыру-0,5	**Әлеумет-0,5** Қоршаған орта-0,5
І апта	**Дене шынықтыру.** **Негізгі қимылдар:** 1.Қатарға екеуден, үшеуден тұрып, сапты қайтадан құру, бағдар бойынша теңелу:оңға,солға айналу,	**Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы: «Мөлдіреген аппақ қыс»** **Мақсаты:** Тілдің қарқынын өзгерту біліктерін бекіту: баяу	**Математика негіздері** **Тақырыбы: «Қысқы орман»** **Мақсаты:** Топтарды салыстыру негізінде сандық	**Сурет** **Тақырыбы:** **«Ақша қар»** **Мақсаты:** Үлгі бойынша пішінін, түсін ескере отырып,	

	бұрылыстар,ажырату және жақындату. Допты бір қолымен кедергі арқылы лақтыру.(2м ара қашықтық). Табан мен алақанға сүйеніп, төрттағандап еңбектеу. **Қимылды ойын: «Қармен дәл тигіз»** 2.Қатарға екеуден, үшеуден тұрып, сапты қайтадан құру, бағдар бойынша теңелу:оңға,солға айналу, бұрылыстар,ажырату және жақындату. Табан мен алақанға сүйеніп, төрттағандап еңбектеу. Затты тігінен (нысана ортасының биіктігі 1,5м) 1.5-2 м ара қашықтыққа лақтыру.. **Қимылды ойын: «Қар атыспақ»** **3.**Қатарға екеуден, үшеуден тұрып, сапты қайтадан құру, бағдар бойынша теңелу:оңға,солға айналу, бұрылыстар,ажырату және жақындату. Затты тігінен (нысана ортасының биіктігі 1,5м) 1.5-2 м ара қашықтыққа лақтыру. Гимнастикалық орындық	сөйлеу,жаңылтпаштар оқу.Артикуляциялық аппаратты одан әрі жетілдіру. **Дид-қ ойын: «Жыл мезгілі»** **Көркем әдебиет** **Тақырыбы: «Көңілді қыс» өлеңі Ш.Мұхамеджанов** **Мақсаты:**Балаларды жатқа эмоционалды, мәнерлі айта білуге, сөздерді анық айтуға, логикалық екпіндерді сақтауға, өлеңдердің ұйқасын айта білу дағдыларын қалыптастыру. **Дид-қ ойын: «Аппақ, аппақ, жапалақтап...»**	мәндерді дұрыс талдап, қорыта білуді дамыту. **Дид-қ ойын: «Шырша қанша?»** **Жаратылыстану** **Тақырыбы:«Қар қиыршықтары»** **Мақсаты:** Өлі табиғат нысандары туралы білімдерін байыту. Қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру. **Дид-қ ойын: «Қар қиыршықтары қандай?»** **Құрастыру** **Тақырыбы:«Аққала»** **Мақсаты:** Балаларды қалдық материалдан бұйым жасауға баулу. Бөліктерді біріктіру үшін желімді пайдалану.	сурет салуды дамыту. Үшбұрыш,сопақша пішіндерді пайдаланып ақша қардың суретін салуды қалыптастыру. **Дид-қ ойын: «Ұлпа қарлар»** **Мүсіндеу** **Тақырыбы: «Аққала»** **Мақсаты:** Бірнеше бөліктерді біріктіре отырып мүсіндеуді, оларды орналастыру әдіс тәсілдерін сақтауды қалыптастыру. **Дид-қ ойын: «Ұлпа қарлар»** **Музыка** **Тақырыбы**: **«Ғажайыптар әлемі»** **Мақсаты**: Жеңіл қозғалу, ырғақты қозғалуды қолдану. Музыка тыңдау ережелерін сақтау. **Әуенді ырғақты қимыл**: «Қарлармен билейміз»	

	үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру. **Қимылды ойын: «Шанамен жарыспақ»**		**Дид-қ ойын: «Аққаласоғамыз»**(жинаймыз)	«Холодное сердце» мультфильмінен әуен. **Музыка тыңдау**: «Табиғат дыбыстары» Э.Григ **Ән айту**: «Аққала» Б.Жұмабекова **Ойын ойнау:** «Желді қуып жет» Қимылды ойын **Музыка** **Тақырыбы**: **«Ғажайыптар әлемі»** **Мақсаты**: Жеңіл қозғалу, ырғақты қозғалуды қолдану. Музыка тыңдау ережелерін сақтау. **Әуенді ырғақты қимыл**: «Қарлармен билейміз» «Холодное сердце» мультфильмінен әуен. **Музыка тыңдау**: «Табиғат дыбыстары» Э.Григ **Ән айту**: «Аққала» Б.Жұмабекова **Ойын ойнау:** «Желді қуып жет» Қимылды ойын.	

II апта	**Дене шынықтыру** **Негізгі қимылдар:** 1.Ұсақ және алшақ адыммен сапта бір-бірден және жұппен түрлі бағытта бытырап жүгіру.Затты көлденеңінен 2-2.5 ара қашықтықта оң және сол қолымен лақтыру. Арқанмен (диаметрі 1,5см) тепе-теңдікті сақтап жүру. **Қимылды ойын: «Арқан тартысу»** Ұсақ және алшақ адыммен сапта бір-бірден және жұппен түрлі бағытта бытырап жүгіру. Арқанмен (диаметрі 1,5см) тепе-теңдікті сақтап жүру. Көлденең және көлбеу орындықта төрттағандап еңбектеу. **Қимылды ойын: «Кім жылдам»**	**Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы: «Көліктер»** **Мақсаты:** Заттардың тобын білдіретін сөздерді балалардың сөздік қорына жалпылауыш сөздерді түсіну арқылы ендіру. **Дид-қ ойын: «Көлікті аяқта»** **Көркемәдебиет.** **Тақырыбы: «Көнілді көліктер»** **Мақсаты:** Жұбымен келісе отырып, сезім ырғағы мен қозғалыс үйлесімін сақтау. Сахнада бағдарлану. **Дид-қ ойын: «Көліктерше ән салайық»** **Орыс тілі.** **Тема: «Транспорт»** **Цел:**Формирование навыков называния некоторых свойств предметов:цвет, формы, признаки.Упражнять в увоении	**Матиматика негіздері.** **Тақырыбы: «Автотұрақ» (геометриялық пішіндер)** **Мақсаты:** Геометриялық пішіндерді:шеңбер, шаршы тану және атау. Пішіндердің пішінін сипап-сезу және көру тәсілдерімен зерттеу. **Дид-қ ойын: «Вагонның таңбасын тап»** **Құрастыру:** **Тақырыбы:** Автотұрақ. **Жаратылыстану** **Тақырыбы:** **«Қыстағы көліктердің күтімі»** **Мақсаты:**Табиғаттағы ауа-райының жағдайларын бақылау және бақылаулардың	**Сурет** **Тақырыбы: «Автобус»** **Мақсаты:**Сурет салудың техникалық дағдыларын жетілдіру. Суретте ашық және солғын түстерді пайдалану. **Дид-қ ойын: «Ненің дыбысы?»** **Жапсыру** **Тақырыбы: «Паровоз»** **Мақсаты:** Жапсыру мазмұнын күрделі ете және әртүрлі бейнелерді жасау үшін мүмкіндіктерін кеңейте отырып, оған қызығушылықты тәрбиелеу. Пішіндерді ретімен қию,желіммен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру. **Дид- ойын: «Әр бөлшектің орнын тап»** **Музыка**	

	3.Ұсақ және алшақ адыммен сапта бір-бірден және жұппен түрлі бағытта бытырап жүгіру.Затты көлденеңінен 2-2.5 ара қашықтықта оң және сол қолымен лақтыру. Құрсауларды домалату. **Қимылды ойын: «Қоңыздар»**	глагола «ехать» с различными приставками. Совершенствовать звукопроизношение. **Дид-я игра: «Шофер»**	нәтижелелін табиғат күнтізбесіне белгілеу дағдыларын жетілдіру.Көліктерге күтім жасау дағдыларын қалыпастыру. **Дид-қ ойын: «Көліктерді жинайық»**	**Тақырыбы**: **«Көліктер»** **Мақсаты**: Көліктердің түрлері, дыбыстары, пайдасы т.б. ұғыну. Музыка сипатына сәйкес ойын әрекетінде жеңіл жүгіру, тізбектеле жүруді көрсету. **Әуенді ырғақты қимыл**: «Ұшақ болып ұшамыз» **Музыка тыңдау**: «Голубой вагон» В.Шаинский **Ән айту**: «Қалсын апам қуанып» А.Еспенбетова **Ойын ойнау:** «Тымпи-тымпи» Қимылды ойын	

III апта	**Дене шынықтыру** **Негізгі қимылдар:** 1.2 метр арақашықтықта допты бір біріне төменнен лақтыру. Затты жанау арқылы орнынан жоғары секіру.(биіктігі 5-10см). Сызықтар арасымен(10см қаш-та) тепе-теңдікті сақтап жүру. **Қимылды ойын: «Өз үйіңді тап»** 2. 2 метр арақашықтықта допты бір біріне төменнен	**Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы: «Электротехникалық тұрмыстық заттар»** **Мақсаты:** Балалардың сөздік қорын тұрмыстық электротехника заттарының атауларымен байыту. Олардың қолданысын түсіндіру. **Дид-қ ойын: «Менің үйімдегі электроника»** **Көркем әдебиет** **Тақырыбы: «Тоңазытқыш»**	**Математика негіздері** **Тақырыбы:** **«Электротехникалық тұрмыстық заттар»** **Мақсаты:**Кеңістікте бағдарлау. Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды анықтай алады. **Дид-қ ойын: «Шаңсорғыш»** **Жаратылыстану** **Тақырыбы: «Аквариумдағы**	**Сурет** **Тақырыбы:«Теледидар»** **Мақсаты:** Заттардың үлгі бойынша, түсін ескере отырып салуды дағдыландыру. **Дид-қ ойын: «Не артық?»** **Мүсіндеу** **Тақырыбы: «Ұялы телефон»** **Мақсаты:** Тұрмыстық заттарды мүсіндеуге қызығушылық дағдыларын қалыптастыру	**Қоршаған ортамен таныстыру.** **Тақырыбы:** **«Электроника әлемінде»** **Мақсаты:** Қоршаған заттар, олардың қасиеттері және міндеттері туралы білімдерін кеңейту. **Дид-қ ойын: «Не қайда тұрады?»**

	лақтыру. Сызықтар арасымен(10см қаш-та) тепе-теңдікті сақтап жүру. Бір орында тұрып ұзындыққа 4-6 сызықтың үстіне секіру.(сызықтардың ара қаш-ғы 40-50см). **Қимылды ойын: «Доп кімде»** 3.2 метр арақашықтықта допты бір біріне төменнен лақтыру Затты жанау арқылы орнынан жоғары секіру.(биіктігі 5-10см). Көлденең және көлбеу орындықта төрттағандап еңбектеу. **Қимылды ойын: «Ұстап ал»**	**Мақсаты:**Шығарма мен өлеңді ажырата білуді, заттарды суреттерден танып, мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру біліктерін бекіту. **Дид-қ ойын: «Артығын тауып көр»**	**балықтар»** **Мақсаты:** Жанды табиғат бұрышын мекендеушілер туралы түсініктерін кеңейту. Қарапайым дербес тәжірибе іс-әрекеттерін ұйымдастыру арқылы балалардың түсініктерін дамыту. **Дид-қ ойын: «Мекенін тап»**	**Дид-қ ойын: «Сымсыз телефон»** **Музыка** **Тақырыбы**: «Электронды музыкалық ойыншықтар» **Мақсаты**: Электроника саласы жетістіктері туралы баяндау, күнделікті өмірмен байланыстыру. Домбыра қағуда ырғақты сақтау. **Әуенді ырғақты қимыл**: «Бала бала» қуыршағымен бірге билейміз **Музыка тыңдау**: «Электронды киіз үйден музыка тыңдаймыз» (Жетекшінің таңдауымен) **Ән айту**: «Қалсын апам қуанып» А.Еспенбетова **Ойын ойнау:** «Электронды домбыра аспабында ойнаймыз»	

				Музыка **Тақырыбы**: «Электронды музыкалық ойыншықтар» **Мақсаты**: Электроника саласы жетістіктері туралы баяндау, күнделікті өмірмен байланыстыру. Домбыра қағуда ырғақты сақтау. **Әуенді ырғақты қимыл**: «Бала бала» қуыршағымен бірге билейміз **Музыка тыңдау**: «Электронды киіз үйден музыка тыңдаймыз» (Жетекшінің таңдауымен) **Ән айту**: «Менің әжем әдемі» А.Еспенбетова **Ойын ойнау:** «Электронды домбыра аспабында ойнаймыз	

IVапта	**Дене шынықтыру** **Негізгі қимылдар:** 1.Допты жоғары лақтырып, екі қолмен қағып алу. 50см. жоғары көтерілген арқанның астынан оң және сол бүйірімен алға еңбектеп	**Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:«Мамандықтың бәрі жақсы»** **(сурет бойынша әңгіме)** **Мақсаты:** Құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынасқа түсе	**Математика негіздері** **Тақырыбы: «Құрылысшының құралы»(көлем)** **Мақсаты:**Тәуліктің қарама-қарсы бөліктерін анықтау және	**Музыка** **Тақырыбы: «Кім болам?»** **Мақсаты**: Әр түрлі мамандықтарға құрмет сезімдерін тәрбиелеу. Фразалар арасында тыныс алу, музыка	**Қоршаған орта** **Тақырыбы: «Мамандықтың бәрі жақсы»** **Мақсаты:**Барлық мамандық иелерінің еңбектерін қадірлеуге тәрбиелеу.Маман-

	кіру.Тақтай үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру. **Қимылды ойын:** **«Доптарды тордан өткізу»** 2.Допты жоғары лақтырып, екі қолмен қағып алу. Тақтай үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру. 50см. жоғары көтерілген доғаның астынанта оң және сол бүйірімен алға еңбектеп кіру **Қимылды ойын: «Кім шақырғанын анықта»** 3.Допты жоғары лақтырып, екі қолмен қағып алу. 50см. жоғары көтерілген арқанның астынан оң және сол бүйірімен алға еңбектеп кіру. Бөрене үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру. **Қимылды ойын: «Ұшқыштар»** **Спорттық ойын: «Көңілді ойындар еліне саяхат»**	алады, олардың өтініштерін орындай алады. **Дид-қ ойын: «Кімнің құралы?»** **Көркем әдебиет** **Тақырыбы: «Мамандықтың бәрі жақсы»** **Мақсаты:** Ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас, адамгершілік нормалары мен түсініктері нормаларын бағлау дағдыларын қалыптастыру **Дид-қ ойын: «Дәрігер Айболит»** **Орыс тілі** **Тема: «Все работы хороши, все профессии важны»** **Цель:**Обучение слушанию, пониманию и пересказу коротких рассказов. Формировать умение составлять рассказ с помощью мнемотаблицы;Развивать связную речь**,** наблюдательность, сообразительность Расширить познавательный интерес к профессиям**.** **Дид-я игра: «Поставь у гаража транспорт такого же цвета»**	тану дағдыларын қалыптастыру: таңертең, күндіз, кеш, күндер: бүгін, кеше, ертең ұғымдарын атайды. **Дид-қ ойын: «Біз үй саламыз»** **Жаратылыстану** **Тақырыбы:** **«Мен құрылысшы боламын»** **Мақсаты:** Ересектердің еңбегін бағалай білуге,ересектерге сыйластықпен қарым қатынас жасауға қоршаған ортаны қорғауға тәрбиелеу. **Дид-қ ойын: «Әсем үйлер»**	жанрларын ажырата білуге үйрету. **Әуенді ырғақты қимыл**: «Теңізшілер биі» **Музыка тыңдау**: «Әнші болғым келеді» Ғ.Дауылбаева **Ән айту**: «Менің әжем әдемі» А.Еспенбетова **Ойын ойнау:** «Сап түзеу» қимылды ойын **Сурет** **Тақырыбы:** Түрлі-түсті үшбұрыштар Мақсаты:Балаларға сурет салуды үйренеді.Пішіндерді атап ажырата білуге , есте сақтау қабілетін дамыту.түстерді атай білуге үйрету. Заттардың үлгі бойынша, түсін ескере отырып салуды дағдыландыру. есте сақтау , ойлау қабілетін дамыту. Ұқыптылыққа және тазалыққа тәрбиелеу **Жапсыру** **Тақырыбы:Машина**	дықтарға қызығушылықта-рын арттыру. **Дид-қ ойын: «Қандай мамандық иесі?»**

2021 жыл, Наурыз айы

Өтпелі тақырып «Нұр себеле,Ұлыстың ұлы күні»

Мақсаты: жаңашыл әдіс-тәсілдерді, ақпараттық құралдарды (АКТ) пайдалана отырып**,** мемлекетімізде тұратын әр-түрлі ұлт өкілдері және олардың салт-дәстүрлері туралы түсініктерін қалыптастыру. Балалардың мүмкіндіктері мен қызығушылықтарына сәйкес ұлттық дәстүрге баулу, танымдық белсенділіктерін арттыру.

Міндеттері:

1. Балаларды тәрбиелеуде, олардың денсаулығын сақтау мен нығайтуда ата-аналарға қолдау көрсету, түрлі спорттық шараларға тарту;
2. Қоршаған ортадағы әсемдікті қабылдай отырып, балалардың ауызша сөйлеуін дамыту;
3. Эстетикалық талғамдарын қалыптастыра отырып, отансүйгіштікке тәрбиелеу;
4. Ересектердің еңбектерін құрметтеуге тәрбиелей отырып, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру.

Тақырыпша	**Денсаулық-3** Дене шынықтыру-3	**Қатынас-2,5** Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет-1 Орыс тілі-0,5	**Таным-2,5** Математика негіздері-1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану1	**Шығармашылық-3,5** Музыка-1,5 Сурет-1 Мүсіндеу-0,5 Жапсыру-0,5	**Әлеумет-0,5** Қоршаған орта-0,5
І апта	**Дене шынықтыру** **Негізгі қимылдар:** 1.Гимнастикалық орындық үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру. Көлденең және көлбеу орындықта төрттағандап еңбектеу. Доптарды домалату.	**Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:** **«Салт- дәстүрді білемін»** **Мақсаты:**Балалардың сөздік қорын ұлттық заттардың атауларымен байыту.Заттар тобын білдіретін сөздерді балалардың сөздік қорына жалпылауыш сөздерді түсіну арқылы ендіру.	**Математика негіздері** **Тақырыбы:«Ұлттық киімдер»** **Мақсаты:** Осы заттардың сыңарларын қою негізінде салыстырып, теңдігін немесе теңсіздігін анықтау іскерлігіне жаттықтыруды жалғастыру.	**Сурет салу** **Тақырыбы:«Сырмақ оямыз»** **Мақсаты:** Дөңгелек және сопақша пішіндегі ою-өрнекті құрастыру, ұлттық ою-өрнектердің элементтерін пайдалану дағдыларын жетілдіру.	

